

ӘОЖ 316.455 (574)

**ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МОНОЭТНИКАЛЫҚ ОРТАДА ӨЗБЕК  
ОҚУШЫЛАРЫНЫң БІРЕГЕЙЛІГІНІң ҚАЛЬПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Мұсабаева Айнұр Бергенқызы**

*[ainurbergenova@yandex.kz](mailto:ainurbergenova@yandex.kz)*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Әлеуметтану» мамандығының 3 курс  
докторанты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Г. Досанова

Қазақстандағы орта білім беру мекемелері оқу тіліне байланысты қазақ тілді және  
орыс тілді, аралас тілді мектептер деп бөлінеді. Сонымен бірге, белгілі бір этнос екілдері  
шоғырланып өмір сүретін елді-мекендерде ұлттық мектептер қызмет етеді. Бұгінгі күні  
Қазақстанда тек өзбек, үйғыр, тәжік, ағылшын тілінде оқытатын 80-нен аса мектеп бар.  
Сонымен бірге 2000 нан астам мектептерде оқушылар «аралас тілде» білім алады [1].

Мектеп шартты түрде жабық орта болып табылады. Оқушылар әлі де болса қоғамның әлеуметтік құрылым тетігіне «кірпіш» болып қаланбаған, сондыктан да олар отбасында әлеуметтену процесінде ата-аналарының этникалық ұстанымдарын сіңіру арқылы оларды автоматты түрде өндіреді. Осы тұрғыдан оқыту тіліне байланысты түрлі этностық топтарды қамтитын білім беру институтындағы оқушылардың сәйкестігінің қалыптасу ерекшелігі қызығушылық тудырады.

Сонымен бірге мектеп әлеуметтіндіру процесі ұзак жүретін орта болып табылады. Мектеп – оқушыларға тек қана сан-салалы білім беретін орда емес, сондай-ақ ол қоғамның әртүрлі жіктері өзара әрекетке түсіп, әлеуметтік байланыстар орнататын алаң. Этникалық тұрғыдан біртекті емес ортада барлық оқушылар бір алаңда кездесіп, этносаралық қатынастар тізбегінде орын алады.

Мектептерде этносаралық қатынастар орын алған кезде, олар көбінесе позитивті сипаттағы этносаралық қатынастардың пайда болуына ықпал етеді және этностық алшақтық азаяды. Жас өспірімдердің мектепте этносы басқа өз құрдасын кездестіру мүмкіндігі көп болған сайын бақылауға алынған этносаралық қатынастар саны артады (Халлинан және Тума 1978; Джойнер және Кao 2000; Фишер 2008). Полиэтникалық ортага ие жас өспірімдердің арасында бірқатар бақылау жүргізген ғалымдар біртіндеп күтілетін этносаралық достық санынан, қалыптасқан этносаралық достық саны тәмен болатынын байқаған (Халлинан 1982; Эшель және Курман 1990; Бервельдт және басқалары 2007; Виммер және Льюис 2010). Берілген зерттеу нәтижелеріне қарап, Оксфорд және Уtrecht университеті зерттеушілері мектеп сыныптарының этностық құрамы этносаралық достықты екі механизм арқылы қалыптастырады деп болжайды [2]. Бірінші механизм, сынып этникалық алуандық сипатта болған сайын жас өспірімдерде этносаралық достықты дамыту мүмкіндігін арттырады. Екінші механизм, мұндай ортада жас өспірімдер өз этносының өкілдерімен дос болғанды қалайды, себебі олар бір-бірін таныс және жақын ретінде қабылдайды (Бирн 1971, Макфирсон, Смит және Кук 2001; Виммер және Льюис 2010). Соңғы механизм этникалық сегрегацияға алып келуі мүмкін.

Әйтсе де, ғылымда этникалық топтар арасында этносаралық байланысты орнату мүмкіндігіне ортаның этностық құрамының ықпалы жөнінде жүйелі зерттеулердің болмауы Смит бастаған Уtrecht және Оксфорд университеті ғалымдарының зерттеу фокусын осы мәселеге аудартты. Олардың негізгі зерттеу сұрағы: Мектеп сыныптарының этностық құрамы жергілікті және иммигрант жас өспірімдердің этносаралықтан гөрі, өз этносы өкілдерімен дос болу тенденциясына қалай ықпал етеді және Неліктен?

Ғалымдар зерттеу сұрағына жауап беру үшін екі кезеңнен тұратын процедураны қолданады. Бірінші кезеңде әр сынып үшін экспоненциалды кездейсоқ графикалық ұлғі (ERGMs) арқылы этникалық гомофилияны бағалайды. Екінші кезеңде метарегрессияны қолдана отырып, құрама эффектілерді зерттейді. Экспоненциалды кездейсоқ графикалық ұлғі (ERGMs) зерттеушілерге кездесу мүмкіндіктеріне және желілік эффектілерге байланысты (транзиттік және өзара байланыс) бірнеше сипаттамалар бойынша гомофилия қатарын байқауға жол ашады.

Зерттеу барысында С. Смит бастаған бірнеше ғалымдар 529 сыныпты қамтыған. Оның әрқайсынан алынған желілік сұрақтардың жауаптары гомофилияның екі түрін бағалауға толықтай мүмкіндік берген. Олар: жергілікті гомофилия және иммигранттар гомофилиясы. Талдау жасау кезінде мына параметрлерге ерекше назар аударылды:

- сыныптағы жергілікті оқушылар саны (елді мекеннің автохтонды тұрғыны, оқушының биологиялық ата-анасы зерттеу жүргізілген елде туған);
- иммигранттардың этникалық шығу тегі;
- аралас отбасында туған, соның ішінде ата-анасының этносы әртүрлі болса, онда оқушы аласының этносымен белгіленген, себебі мектеп жасындағы баланың тәрбиесіне көбінесе аласы жауапты;

- әрбір иммигранттың келген елі жеке кодталады, мысалы жапондық пен қытай әрқайсысы жеке алған, ал «тығыздық» өлшемі кезінде олардың мәдени ұқсастығы ескерілген;

- гендерлік сипаты;
- жас өспірімдердің әлеуметтік-экономикалық статусы;
- сыныптағы жалпы оқушылардың саны.

Зерттеу нәтижесінде мынадай қорытындыға келеді: «ұқсас гендерлік сипаты» жағымды коэффициентке ие болған, осындай жағдай экономикалық статусы мен бедел сипатына қарай да орын алған. Досты таңдауда мектеп оқушылары арасындағы желілерде этникалық гомофилия маңыздылығы көрінген. Жергілікті оқушылар мен иммигрант оқушылар арасында достық орнату мүмкіндігі, басқа этникалық топтар аз болған сайын кері бағытта өсken. Бұл дегеніміз иммигранттардың өзіне ұқсас оқушылардың аз болуы олардың жергілікті сынныптастарымен достасу мүмкіндігін арттырған. Яғни иммигранттардың таңдауына мектептегі орта айтартылған топтар еткен. Зерттеушілер талдау барысында әр сыныптың нәтижесін бірінші өндеуден өткізу арқылы топтастырған. Себебі әр сынып этникалық құрамы бойынша өзгеріп отырған [2. 1243 б].

Жалпы мектеп қазақстандық этноәлеуметтануда этникалық мәселелерді зерттеу алаңы ретінде көп қолданыла бермейді. «Қазақстандағы өзбек этникалық қауымдастырының әлеуметтік-мәдени интеграциясы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу барысында 2018-2019 оқу жылының желтоқсан және қантар айларында өзбек мектеп оқушылары арасында этникалық мәселелерге қатысты әлеуметтанулық зерттеу жүргіздік. Зерттеу территориясы Шымкент республикалық маңызы бар қаласын қамтыды. Шымкент қазақстандық өзбектердің ең көп таралған елді-мекені болып табылады.

Мақаламызға арқау болған негізгі зерттеу сұрағы: *Мектептің оқу тіліне байланысты айырмашылығы өзбек оқушыларының бірегейлігінің қалыптасуына қалай ықпал етеді?*

Ұялық іріктеу барысында іріктеуге үш мектеп алынды. Олар: №107 Ю.Сареми атындағы орта білім беретін мектеп-лицей, №71 жалпы орта білім беретін мектеп, №98 жалпы орта мектеп.

№107 Ю.Сареми атындағы орта білім беретін өзбек тілді мектеп-лицей 1985 жылы ашылған. Мектеп-лицей физика-математикалық бағыттағы терең білім береді. Қаладағы өзбек тілді мектептердің ішінде оқушылар контингенті ең көп оқу орны болып табылады.

№71 жалпы орта аралас тілде білім беретін мектеп, салыстырмалы түрде жаңадан ашылған. Қазақ, орыс және өзбек тілдерінде білім береді.

№98 жалпы орта білім беретін қоғамдық-гуманитарлық бағдардағы қазақ мектебі болып табылады. Мектеп 1981 жылы ашылған.

Сұрауға барлығы 309 оқушы қатысты. Сауалнама 9-шы, 10-шы, 11-шы сынып оқушылары арасында жүргізілді. Яғни респонденттердің жастық құрамы 14 пен 17 жастағы жасөспірімдерді қамтыды. Респонденттерді 9-шы сыныптан бастап сұрауымыздың негізгі себебі, Қазақстан Республикасының орта білім берудің жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес, осы кезеңде оқушылар мемлекеттік аттестациядан өтіп, 9-шы сыныпты аяқтап білім алушы колледже жалғастырады немесе 10-шы сыныпқа өтіп, сәйкесінше 11-ші сыныпты аяқтап толық орта білім алып шыға алады.

Сұрауға қатысқандардың 28,5% титулды ұлт өкілдері болса, қалған 71,2% өзбек этносы өкілдерінен тұрады.

Мақаланың мақсаты өзбек этности оқушылардың бірегейлігінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтау болғандықтан зерттеу нәтижелерін талдау барысында біз тек қана өзбек жасөспірімдерінің берген жауаптарын басты назарға аламыз.

Өзбек тілді мектепте оқытын оқушылардың барлығы да (151 адам) өзбек екендігін ескеретін болсақ, қазақ тілді мектепте оқытын барлық 70 оқушының 6-ы өзбек, аралас тілді мектепте сұралған 88 оқушының 64-і өзбек болған. Сондықтан да талдаудың келесі кезеңінде таза өзбек мектебі мен аралас мектепті қалдырғанымыз рөлевантты болып табылады. Себебі қазақ тілді мектепте оқытын 6 өзбек оқушысының жауаптары, мектептерді тәуелсіз

айнымалы шама ретінде алатын болсақ статистикалық маңызды болмайды. Бұл өз кезегінде мектеп фонының, яғни *моноэтникалық және полиэтникалық құрамының азаматтық бірекеіліктің қалыптасуына тікелей ықпалы бар болуы мүмкін* деген болжамымызды тексеру үшін жеткілікті.

№107 (А) және №71 (Б) мектептерде сұралғандардың гендерлік қатынасы қыз балалардың басымдығымен ерекшеленеді. Сәйкесінше, А және Б мектептерінде сұралғандардың 60,3% және 62,5% – қыз балалар, ал 39,7% және 37,5% – ер балалар. Екі мектеп үшін де ең көп кездесетін респонденттің орташа жас шамасы 15-ке тең.

А мектебіндегі респонденттердің басым көпшілігі бұл мектепте 1 сыныптан (60,5%) бастап оқиды. 3-ші сыныптан 9-шы сыныпқа дейін 3-4 окушыдан ауысып келгендердің қатар 10-шы сыныпқа келгенде бірден көтеріледі. Тіпті тұтас бір 10-шы сынып осындаған жаңадан ауысып келген окушылардан тұратындығын атап өткіміз келеді.

Ал «Б» мектебі үшін ауысып келгендердің саны 6-шы және 7-ші сыныпта күрт өсіп отырған. Басқа сыныптарда, соның ішінде 10 сыныпта да 1 мен 9 баланың аралығын сақтайды. Айта кететін бір жайт бұл мектепте 1-ші сыныптан бастап оқығандар саны тек 9 адам.

Екі мектепке келген окушылардың бастапқы мектептерінде еш айырмашылық жок. Олардың қатарында таза өзбек тілді мектептер, орыс/қазақ тілінде білім берген мектептер, қаланың басқа шағын аудандарында орналасқан мектептер, жақын елді-мекенде орналасқан мектептер де баршылық.

«А» және «Б» мектебіне ауысып келген окушылардың таңдауының астарында прагматизм тұрғанымен, бірінші – таза өзбек тілді мектепті таңдау алдағы болашаққа бағдарланса (білім беру сапасы жоғары, ағылшын тілін жақсы үйретеді – 89,3%), екінші – аралас мектепті таңдауға нақты уақыттағы ұттымдылығы (үйге жақын – 54,0%) себепші болған. Сондықтан да болар біздің қойған «Басқа мектепке ауысқының келеді ме?» деген сұраққа Б мектебінен ауысқысы келген окушылар «басқа мектепте білім беру сапасы жоғары,abituriyentterdің grantқа түсү мүмкіндігі жоғары» деген себептерді айтады. А мектебінен де окушылар осындаған себеппен басқа мектепке ауысқысы келеді. Бірақ әрине олардың саны «Б» мектебі окушыларына қарағанда біршама аз (А-2, Б-5).

Біздің пайымдауымызша өзбек тілді мектепке 10-шы сыныпта «жаңа» «окушылардың артуы бітірушілерінің ҰБТ нәтижесі бойынша грантқа түсү бойынша рейтингінің жоғары болуында. Ал аралас тілді мектеп окушылары перманентті түрде ішкі мигранттар есебінен толықтырылып отырған.

Негізгі зерттеу сұрағына жауапты сауалнама барысында өзбек жасөспірімдерінің идентификациялық матрицасын анықтау арқылы аламыз. Сұрақ өзбек оқушысының этникалық идентификациясы деңгейін анықтауга бағытталған. Окушыларға келесі идентификация обьектілері ұсынылды:

- Мектеп окушысы,
- мұсылман діні өкілі;
- Қазақстан Республикасының азаматы,
- өзімнің туған жерімнің тұрғыны,
- өз ұттымның өкілі – қазақ, өзбек, түрік, тәжік және т.б.

Әлемдік картада этностық құрамы бойынша моноэтникалық елдер өте аз. Сондықтанды ғалымдар сәйкестік мәселесін зерттеуде этносәйкестік тұрғысынан детерминистік қатынастар гөрі, сәйкестікті қалыптастыратын альтернативті конструктілерді қарастырады [3].

Біз ұсынған идентификация обьектілері кәсіби-статустық, локалды, этноконфессионалды және азаматтық конструкцияларды қамтиды (кесте 1).

**Идентификация матрицасы**

**Кесте 1.**


	1 кезекте	2 кезекте	3 кезекте	4 кезекте	5 кезекте
--	--------------	--------------	--------------	--------------	--------------

Мектеп оқушысы	<b>48,2%</b>	12,6%	22,8%	7,5%	34,5%
Мұсылман діні өкілі	21,4%	<b>38,3%</b>	9,7%	4,5%	5,5%
Қазақстан Республикасының азаматы	16,4%	35,4%	<b>36,6%</b>	17,9%	3,6%
Өзімнің туған жерімнің түрғыны	1,0%	6,3%	21,4%	<b>41,8%</b>	16,4%
Өз ұлттымның өкілі – қазақ, өзбек, түрік, тәжік және т.б.	6,7%	7,4%	9,7%	28,4%	<b>40,0%</b>

Зерттеу нәтижесі бойынша өзбек оқушылары біріншіден өздерін кәсіби статусымен сәйкестендірген, яғни мектеп оқушысы болу олар үшін маңызды. Екінші кезекте конфессиялық тиесілігі тұр. Үшінші кезекте өздерін Қазақстан Республикасының азаматы ретінде көреді. Төртінші кезекте локалды, яғни түрғылықты жерін көрсетсе, этникалық сәйкестік соңғы кезекте орын алған.

Көріп отырғанымыздай, өзбек оқушылары үшін этникалық идентификация айтартылғанда маңызды емес. Оның себебі өзбек жасөспірімдерінің қоршаған ортасында болу керек деп тұспалдаймыз, яғни олар тұрып жатқан елді-мекен (аудан) этникалық құрамы жағынан гомогенді. Сондықтан да біздің ойымызша этникалық идентификация салыстырмалы түрде бұл кезеңде олар үшін маңызды емес. Ал мектеп оқушысы ретінде бірегейлендіру амбивалентті сипатқа ие. Идентификация объектісі жақын болашақта студент, не атқаратын кәсібімен өзгеруі мүмкін. Біздің негізгі зерттеу мәселеміз үшін екінші және үшінші туған айнымалы шамалар маңызды. Сондықтан да фокусты мектеп типі бойынша таралымына аударамыз (Диаграмма 1).

Диаграмма 1. Оқушылардың идентификациясы \* мектеп бойынша (%)



Диаграммада көріп отырғанымыздай, А мектебі, яғни өзбек тілді мектеп оқушыларының идентификация матрицасында 1 кезекте – мектеп оқушысымын (46,2%), 2 кезекте – мұсылман діні өкілімін (44,8%), 3 кезекте – Қазақстан Республикасының азаматымын (47,2%) деген жауап нұсқалары орналасты.

Ал аралас тілді мектепте оқытын өзбек оқушыларының идентификация матрицасы мынадай: 1 кезекте – мектеп оқушысы (31,9%), 2 кезекте – Қазақстан Республикасының азаматы (39,7%), 3 кезекте – өз туған жерімнің өкілі (20%).

Сонымен, негізгі зерттеу сұрағына жауап беретін болсақ, мектептің этникалық құрамы өзбек жасөспірімдерінің идентификация ерекшеліктеріне ықпал етеді. Бірінші кезекте мектеп оқушысы болу екі мектеп типінде де басым. Екінші кезекте, таза өзбек ортасында өзбек тілде оқытын оқушыларға қарағанда, аралас тілде оқытын өзбектер үшін азаматтық идентификация доминантты болып табылады. Өзбек тілді мектеп оқушылары үшін азаматтық бірегейліктен ғөрі, конфессиялық идентификация жақын.

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижесі **моноэтникалық және полиэтникалық құрамының азаматтық бірегейліктиң қалыптасуына тікелей ықпалы бар болуы мүмкін**

деген болжамымызды раstadtы. Қазақстандағы этноэлеуметтану саласын зерттеуші ғалымдардың айтуынша, Қазақстан халқының консолидация мәселесі оның ұлттық деңгейде интеграциясы көп жағдайда азаматтық сәйкестікті қабылдау және қолдау деңгейіне тәуелді [4]. Демек, мектеп – білім беру институтының ошагы ретінде этностық толеранттылықты, жағымды этникалық байланыстарды ұдайы өндіретін алаң.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Алтынбекова О. Б. Реализация государственной программы развития языков в сфере школьного образования Казахстана //KAZNU BULLETIN PHILOLOGICAL SERIES. – 2015. – Т. 132. – №. 2.
2. Smith S. et al. Ethnic composition and friendship segregation: Differential effects for adolescent natives and immigrants //American Journal of Sociology. – 2016. – Т. 121. – №. 4. – С. 1223-1272.
3. Барбашин М. Ю. Этноинтеграция в современном мире: институциональные особенности //Историческая и социально-образовательная мысль. – 2012. – №. 4.].
4. Забирова А.Т. Этносоциология – Астана, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2008. – С.192